

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ
МАЗМҰНЫН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары
«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», Ы.Алтынсарин
атындағы медальдың иегері, Қазақстан Педагогикалық Ғылым академиясының
«Үздік ұстаз» республикалық VI байқауының жеңімпазы,
ҚР ПҒА Академиясының мүшесі, тарихшы, ғалым ұстаз
Бегалиева Айша Карыпжановнаның 60 жас мерейтойына арналған

Материалы международной научно-методической конференции
**«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ МОДЕРНИЗАЦИИ СОДЕРЖАНИЯ
ДОВУЗОВСКОГО И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ»**

посвященной 60-летию юбилею «Почетного работника образования Республики
Казахстан», обладателя медали «Ы. Алтынсарин», победителя VI Республиканского
независимого общественного конкурса «Лучший учитель», проведенного Академией
Педагогических наук Казахстана, члена АПН РК, ученого-историка, педагога
Бегалиевой Айшы Карыпжановны



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ
МАЗМҰНЫН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары
«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», Ы. Алтынсарин
атындағы медальдың иегері, Қазақстан Педагогикалық Ғылым академиясының «Үздік ұстаз»
республикалық VI байқауының жеңімпазы, ҚР ПҒА академиясының мүшесі, тарихшы,
ғалым ұстаз Бегалиева Айша Карыпжановнаның 60 жас мерейтойына арналған

20 маусым 2018 жыл

Материалы международной научно-методической конференции
**«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ МОДЕРНИЗАЦИИ СОДЕРЖАНИЯ
ДОВУЗОВСКОГО И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ»**

посвященную 60-летнему юбилею «Почетного работника образования Республики
Казахстан», обладателя медали «Ы. Алтынсарин», победителя VI Республиканского
независимого общественного конкурса «Лучший учитель», проведенного Академией
Педагогических наук Казахстана, члена АПН РК, ученого-историка, педагога
Бегалиевой Айши Карыпжановны

Алматы, 2018

тәрбиелеу еңсесін биік көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды ұрпақ пен білікті, білімді мамандардың орны бөлек. «Білікті, білімді маман – ел болашағы»

Адам әрқашан даму үстінде болатыны сияқты, мемлекетіміз де даму үстінде болады. Мемлекеттің дамуы сол мемлекеттің адамдарының даму дәрежесіне байланысты болады.

Адами капиталдың сапасын арттыру – мемлекет дамуын қамтамасыз етудің негізгі алғышарты.

Рухани жаңғыруға баса назар аударылуы керек. Яғни дамудың жаңа кезеңінде алдымен ұлттық болмысымыз бен құндылығымыз, тарихымыз бен мәдениетіміз сақталуы керек.

Бүгінгі Қазақстан- тек өзі орналасқан аймақ емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел.

Біз жас ұрпақ тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді ұмытпауымыз керек. Бүгінгі жас ұрпақ-ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың міндеті-өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпау, екіншіден-сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елге аянбай қызмет ету. Тәуелсіздігімізді сақтау үшін еліміз бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүруі тиісті. Тәуелсіздік ұраны – халық болып табылады.

Жастарымыз ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болады.

ЖОО дайындап жатқан келешек маман білікті әрі білімді, ең алдымен рухани тұрғыда кемелденген, ұлттық ділі мықты, әлеуметтік мәдениеті қалыптасқан, халық, ұлт алдындағы жауапкершілік сезімі жоғары дара тұлға болуы тиіс. Сондықтан бүгінгі білім алушыға тек маман ретінде ғана қарау жеткіліксіз. Оның ең алдымен, өз елінің азаматы, адамгершілігі мол шығармашылық тұлға, елдің жанашыры, келешектің иесі, халқының тірегі ретінде тану керек, соған мүмкіндік жасалуы тиіс.

Елімізді әлемге танытып, Елбасымыздың жолдауындағы жұмыстарды атқару үшін, алдымен жақсы білім беріп, тәлімді тәрбиелі шәкірт дайындауымыз керек.

Ендігі мұрат, осы Елдігімізді сақтап қалу, мәңгілік ету!

Көк аспанымызбен астасқан туымыз әрқашан биікте желбіресін!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы /Егемен Қазақстан, 1999 ж.;
2. Жаңа педагогикалық технологиялар (оқу құралы) Алматы, 2006;
3. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар//<http://www.akorda.kz>;
4. Егемен Қазақстан газеті - Жаңартылған білім беру мазмұны// <https://egemen.kz>;
5. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Жоғары мектеп №1, 2004. -5-8ст.;
6. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана. 2004. 28-б.

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Ахметжанов Д.Г.

Бегалиева А.К.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты дәрісінде «Озық халықаралық тәжірибе негізінде мектеп жасына дейінгі тәрбие мен білім беруде оқытудың қазіргі заманғы әдістемелерін енгізу қажет. Олар инновациялық, ал білім беру технологиясы креативті болуы тиіс» – деп көрсетті. Білім беру үдерісінде кейінгі инновациялық технологияларды пайдалану арқылы тыңдаушылардың білімдерін шыңдау

қажеттілігі туындайды. Білім беру жүйесінде тарих сабағын оқытуды жаңа сұраныстарға бейімдеу – қоғамда мемлекетшілдік сана мен мемлекеттік бірегейлік, зияткер ұлт қалыптастыру сияқты қоғамдық маңызы зор істерге жол ашады.

Тарихты оқытуда жаңа технология элементтерін пайдалану – қазіргі заманның талабы. Қазақстан Республикасы білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында көрсетілгендей, қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқу бағдарламаларын өзгертуді, оқытудың жаңа технологияларын енгізуді талап етеді. Сондықтан да, жаңа технологиямен тарихты оқыту арқылы тыңдаушылардың қызығушылығын арттыра түсеміз. Тарих сабағын тек оқулық арқылы оқыту жеткіліксіз, білімді түрлі тарихи деректер, тарихи және документалды фильмдер, тарихи хрестоматиялар мен көркем әдебиеттер арқылы да берілгені жөн. Сонымен қоса, пәнаралық сабақ өту тыңдаушылардың көзқарас аясын кеңейтіп қана қоймай, оларды өзіндік пікірі бар тұлға ретінде қалыптастыратыны сөзсіз. Жаңа технологияны қолданып оқыту арқылы тарихи оқиғаларды, үрдістерді терең түсінуге, салыстыра білуге, ең мәнді ұғымдарды саралап алуына, тарихи оқиғалардың тарихтағы орнын бағалай білуге дағдыландыра аламыз. Тарих сабағын өткізуде жаңа оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін пәнге лайықты қолдана отырып, тыңдаушылардың ақпаратты іздеуге дағдыларын қалыптастыру арқылы тыңдаушылардың жаңа материалды меңгеруі бойынша деңгейленген тапсырмалар беру керек. Жаңа технология әдістерін оқу үрдісінде кеңінен қолдану - оқытушы мен тыңдаушының ара-қатынасын жақсартады.

Тыңдаушылардың пәнге деген қызығушылық белсенділігін арттыру мақсатында тәжірибеде қолданылып жүрген жаңа технология әдістері мен элементтері, ойын арқылы оқыту, шығармашылық пен дамыта білім беру технологиясы, проблемалы оқыту технологиясы, деңгейлік саралап оқыту технологиясы, ақпараттық (компьютерлік) оқыту технологиясын қолдану арқылы өткізу сабақтың тез меңгерілуіне өте үлкен септігін тигізеді. Шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өз бетімен дербес ізденуге, белсенді іс-әрекеттенуге, өз ойын ашық айтуға, пікір алмасуға үйретеді. Тарихи тұлға, мемлекеттік қайраткер, зиялы қауым өкілдерімен кездесу өткізіп, олардың ауызынан тарихи фактілерді естіп, өмірлік сабақ алып, бағыт-бағдар алу тыңдаушыларға көбінесе әсерлі болып табылады.

Оқытушылар жаңа педагогикалық технологияларды меңгеріп, басқа да жаңа технологияның белсенді, тиімді жолдарын білуге, сонымен жұмыс жасауға дағдылану керек. Осы орайда оқытудың бірнеше технологияларын атап өтуге болады. Мысалы, академик В.И.Монаховтың технологиясы, В.К.Дьяченконың «ұжымдық оқыту әдістемесі», профессор Ж.А.Қараевтың «Деңгейлік саралап оқыту технологиясы», дамыта оқыту, сыни тұрғыдан ойлау, модульдік оқыту, проблемалық оқыту және тағы басқалары. Сәйкесінше, оқытушының басты міндеті – білімнің жаңа мазмұнынан туындайтын сабақтың маңызды ерекшеліктерін анықтап, сабақ үлгісін құру және сабақты жетілдірудің жолдарын тауып, оның сапасын арттыру. Әрбір тыңдаушы тарихи оқиғаларға ғылыми тұрғыдан баға беріп, олардың сабақтастық байланысын түсінуіне жағдай жасау қажет. Сабақты тыңдаушыны ынталандыратындай қызықты әрі сапалы өткізу үшін, оның ұйымдастырылу нысанын дұрыс таңдау керек.

Тыңдаушылардың ізденушілігі мен дербес ойлауын дамыту мақсатында тарих сабақтарын мейлінше түрлендіріп өткізуде тыңдаушының бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіруіміз қажет. Болашақ азаматтың негізі оқу орнының табалдырығында қаланатындығын, яғни, тарих пәнін оқыту барысында отан, атамекен, ел мен жер сияқты құндылықтар төңірегінде еркін ой қорытудан басталатындығын ұмытпағанымыз жөн. Бүгінде тыңдаушылар орасан зор ақпараттық кеңістіктің субъектісі болып отыр. Осы жөнінде Елбасымыз: «қазіргі заманғы білім берудің перспективалық міндеті – ол сындарлы ойлай білетін және ақпараттық ағынында бағдар ала білуге қабілетті адамдарды даярлау» - деген болатын. Алдымыздағы тыңдарман – ертеңгі студент, болашақ маман.

Тәуелсіз еліміздің ертені - біз тәрбиелеп, оқытып отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты екеніне еш күмәніміз жоқ. Сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта отбасы, туып-өскен аймағының тарихы жөнінде түрлі дәйекті материалдар жинауға, өмір және оның адамдары туралы аңыз-әңгімелер, биографиялық материалдар қорын жасауға баулу арқылы тыңдаушылардың ғылымға деген қызығушылығын аша түсетініміз белгілі.

Тарих саласынан білім мен ғылым жүйесінде инновациялық құралдарды пайдалану парасатты, білімді ұрпақ тәрбиелеу ісінде берері мол. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Педагогика ғылымында тыңдаушыны оқыту және тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылғандықтан, бұл жерде де, жаңа технология бойынша – оқыту мақсаты болып табылады. Барлық жаңа технологияның мақсаты - тарихты оқытуда тыңдаушының дербес ерекшеліктерін басқарып, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру. Заман талабына сай, электронды оқулық, интернет, web сайтты қолданудағы жаңа ақпаратты технологияларды пайдалану тарих пәні үшін маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2015 – жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егеменді Қазақстан, 28 желтоқсан, 2003 ж.;
2. Қазақстан Президентінің Назарбаев Университеті студенттері алдында сөйлеген сөзі. Қазақстан білім қоғамы жолында // «Егемен Қазақстан», 6 қыркүйек 2012ж.;
3. Қойгелдиев М.Қ., Мырзатаева З.Б. Тарих пәнінен білім берудің жаңа технологиясы. Жалпы білім беретін мектептерде өткізілетін элективті курстар үшін әдістемелік құрал. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат» баспасы. – 2014. – 32 б.;
4. Б.Әбдіғұлова «Білім берудегі жаңа үрдістер» // «Қазақ тарихы» журналы, - №5, 2005 ж.;
5. З.Қарабаева «Жаңа педагогикалық технология негізінде оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру» // «Қазақстан тарихы» әдістемелік журнал, - № 12, 2004 ж.;
6. Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. - А., 2001, 138 б.;
7. Баймұханов Б. Оқытудағы жаңа технологиялардың негізгі ерекшеліктері "Бастауыш мектеп" – 2000, № 8,9. 3-6 беттер;
8. Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. - А., 2004. - 218 бет.

ҰЛТ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУЛАРЫ

Н.Т.Жанақова

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Сондықтан бүгінгі ғаламдану заманында әлемдік ғаламтор жүйесіндегі ақпарат иесі өз билігін емін-еркін жүргізе алады. Ал ақпараттың басты құралы – жазу. Сол себепті ғаламтор жүйесінде үстемдік жасаушы – латын әліпбиі. Қазір елімізде латын әліпбиіне көшу үрдісі басталған кезде қазақ жазуының арғы бастауы болған ұлт руханиятының алтын қазығы – дала жазуларының тарихына үнілген жөн.

Қазақ жазуы – біздің халқымыздың мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. V – IV ғғ.) пайдаланған көне